

"Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company" Ltd.
компаниясының директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 наурыздағы № 146 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 8-бабының 4) тармақшасына сәйкес және "Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 829 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне заңнамада белгіленген тәртіппен "Kazakhstan Investment Development Fund (KIDF) Management Company" Ltd." компаниясының директорлар кеңесінің құрамына:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі директорлар кеңесінің төрағасы етіп;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі директорлар кеңесінің мүшесі етіп;

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасарын директорлар кеңесінің мүшесі етіп;

Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрін директорлар кеңесінің мүшесі етіп;

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт вице-министрін директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 28.02.2024 № 131 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин